

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2011 жылдың 31 мамырындағы № 12 хаттама)

**Бекітілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық  
кеңесінің Бюджет және стратегиялық  
жоспарлау жөніндегі комитеті туралы

**ҚАҒИДА**

---

---

Алматы қ.

2011

## I. Жалпы қағидалар

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы осы Қағида (бұдан әрі - Қағида) Биржалық кеңестің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мәртебесін, құзырлығын, жұмыс тәртібін және қызметін, сондай-ақ оның отырысын шақыру және өткізу, шешімдерін рәсімдеу процедурасын, Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін анықтайды.
2. Қағидада қолданылған ұғымдар мен анықтамалар:  
Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ;  
Биржалық кеңес – Биржаның Биржалық кеңесі;  
Заң – Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңы;  
Комитет – Биржалық кеңеснің Бюджет және стратегиялық жоспарлау туралы комитеті;  
Басқарма – Биржа Басқармасы.
3. Қағида Биржаның ішкі құжаты болып табылады және Заңға, Биржаның Корпоративті кодексіне және Жарғысына және басқа да Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың әлемдік практикасына сәйкес әзірленді.
4. Аудит жөніндегі комитет Биржалық кеңестің кеңестік-мәжілістік органы болып табылады және Биржа қызметінің басым бағыттары (дамуы), стратегиялық мақсаттары жөнінде Биржалық кеңеске нұсқауларды дайындау үшін, соның ішінде Биржалық кеңестің орта және ұзақмерзімді болашақтағы Биржа қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша, сондай-ақ Биржа бюджетіне қатысты мәселелерді тереңдетіп қарастыру үшін құрылады.
5. Комитет Биржалық кеңеске есеп береді, Биржалық кеңес және осы Қағидада ұсынылған құзырлықтың аясында қызмет етеді.
6. Өз қызметінде Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржа Жарғысын, Биржа акционерлерінің жалпы отырысының шешімдерін, Биржалық кеңестің шешімдерін, осы Қағиданы және кәсіби этика ережелерін басшылыққа алады.

## II. Комитет қызметінің мақсаты

7. Комитет Биржа акционерлерінің мүдделеріне әрекет етеді және оның жұмысы Биржалық кеңеске:
  - 7.1. Биржа қызметінің стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жүйесін тиімді ұйымдастыру;
  - 7.2. стратегия және стратегиялық жоспардың, Биржа қызметінің өзекті көрсеткіштерінің, бизнес-жоспардың, сондай-ақ бюджеттің және Биржаның бюджеттік процедураларының орындалуын бақылау;
  - 7.3. осы Қағиданың талаптарына сәйкес басқа да мәселелер бойынша Биржалық кеңеске нұсқаулар әзірлеу арқылы көмек көрсетуге бағытталған.

## III. Комитет қызметтері

8. Комитет, белгіленген тәртіпте мынадай қызметтерді атқарады:
  - 8.1. стратегиялық жоспарлау аясында:
    - а) даму стратегиясының жобасын, ортамерзімдік стратегиялық жоспарды, оларға енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды алдын ала қарап, осылардың орындалуына мерзімдің мониторинг өткізу;
    - б) Биржаның қолданыстағы даму стратегиясына экономикалық және бәсекелестік ортадағы өзгерістердің әсерін анықтау үшін мониторинг жасау және осындай өзгерістерді ескере отырып даму стратегиясын қайта қарастыру/қайта бағалауды қамтамасыз ету;

- в) үнемі, кемінде жартыжылдықта бір рет, Биржаның даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралардың орындалу барысын қарап, Биржалық кеңеске осы іс-шараларды жүзеге асырудың тиімділігін бағалауымен есеп беру және алға қойылған мақсаттарға жету үшін нұсқаулар әзірлеу;
  - г) Биржа қызметінің басым бағыттарына жататын Биржалық кеңеске стратегиялық шешімдерді әзірлеуге және Биржаның даму стратегиясының бекітілген басым бағыттарын бағалау бойынша нұсқаулар беріп, талдау жасау;
  - д) Биржа қызметінің орта- және ұзақмерзімді болашақтағы тиімділігін арттыруға жататын, стратегиялық шешімдерді әзірлеу бойынша талау жасап нұсқаулар беру;
  - е) Биржаның даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарларын алдын ала қарау және мақұлдау;
  - ж) Биржаның даму стратегиясын орындауға қатысты, Биржа қызметінің өзекті көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты Биржалық кеңестің қарауына ұсынылатын құжаттарды алдын ала қарау;
- 8.2. бизнес-жоспарлау және бюджеттік процедуралар аясында:
- а) бизнес-жоспарлау мәселелері және бюджеттік процедуралар бойынша Биржа саясатын әзірлеу;
  - б) Биржаның бизнес-жоспары мен бюджетінің жобаларын, сондай-ақ оларды түзету сұрақтарын алдын ала қарау;
  - в) Бизнес-жоспарлау, бюджеттеу және оны жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу үдерісін талдау;
  - г) Биржаның бизнес-жоспары мен бюджетінің оның стратегиясы мен дамуына сәйкестігін талдау;
  - д) Биржаның қаржылық құрылымын талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
  - е) Бизнес-жоспар мен бюджеттің көрсеткіштерінің орындалуына алдын ала талдау жасап, Биржалық кеңеске Биржаның қаржылық және басқарушылық есепке алуын жетілдіру бойынша нұсқаулар әзірлеу;
  - ж) үнемі, кемінде жартыжылдықта бір рет, Биржаның бизнес-жоспары мен бюджетінің орындалу барысын қарау, Биржалық кеңеске осы іс-шаралардың жүзеге асырылуының тиімділігін бағалап есеп беру;
  - з) Биржалық кеңестің қарауына ұсынылатын, Биржаның бизнес-жоспары мен бюджетінің орындалуына қатысты ақпараттарды қамтитын, құжаттарды алдын ала қарау;
- 8.3. Биржалық кеңеске Комитет жұмысы туралы есеп беру;
- 8.4. Биржалық кеңестің тапсырмаларына сәйкес және/немесе Биржаның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес, өз өкілеттілігі шегінде басқа да мәселелер бойынша Биржалық кеңеске нұсқаулар беру.

#### **IV. Комитеттің құрамы, мүшелерінің сайлануы және өкілеттілік мерзімі**

- 9. Комитеттің сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Биржалық кеңестің құзырлығына жатады.
- 10. Комитет құрамы Биржалық кеңес мүшелері арасынан құралады. Комитет мүшелеріне Биржалық кеңес мүшесі болып табылмайтын, Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар сайлануы мүмкін.
- 11. Комитет кемінде үш мүшеден тұруы тиіс, соның ішінде кемінде екеуі тәуелсіз директор болуы тиіс.
- 12. Комитет Төрағасы оның мүшелері арасынан Биржалық кеңес мүшелерінің дауыс беруі арқылы сайланады. Биржалық кеңес Комитет Төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
- 13. Тәуелсіз болып табылмайтын Биржалық кеңес мүшесі, осы тұлғаның Биржа және оның акционерлерінің мүдделеріне Комитетте болуы қажет болған жағдайда, Комитет мүшелігіне сайлануы мүмкін.
- 14. Комитет Төрағасы немесе Комитеттің кез келген мүшесі өзіне жүктелген өкілеттілігін тоқтату үшін өтінішін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын беріп, өкілеттілігін алып тастауға құқылы.

#### **V. Комитет Төрағасы**

15. Комитет төрағасы мынадай қызметтер атқарады:
  - 15.1. Комитет жұмысын ұйымдастырады;
  - 15.2. Комитет отырыстарын шақыртады және олардың өткізілу формасын анықтайды, оларға төрағалық жасайды;
  - 15.3. Комитет отырысының хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады;
  - 15.4. Комитет мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Комитет отырысының күн тәртібін бекітеді;
  - 15.5. Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөліп, оларға және Комитет хатшысына кейбір сұрақтарды тереңдетіп зерттеу және Комитет отырысында қарауға ұсынылатын материалдарды даярлауға байланысты тапсырмалар береді;
  - 15.6. Комитеттің шешім қабылдауына қажетті толық және нақты ақпараттарды алу үшін және Биржалық кеңеспен өзара қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, Биржалық кеңес мүшелерімен, Биржа Басқармасы мүшелерімен, Биржаның құрылымдық бөлімшелерімен үнемі байланыста болады;
  - 15.7. Биржалық кеңестің отырыстар жоспарын ескере отырып, ағымдағы жылдағы кезекті отырыстарының жоспарын әзірлейді;
  - 15.8. Комитеттің шешімдері мен жоспарларының орындалуын бақылайды;
  - 15.9. Комитет жұмысының нәтижелері бойынша Биржалық кеңеске есеп береді;
  - 15.10. Комитет өкілеттілігі шегінде өзге де қызметтер атқарады.
16. Төраға болмаған кезде, оның қызметтерін, Комитет шешімімен сайланған, Комитет төрағасының орынбасары атқарады.

#### **VI. Комитет мүшелері**

17. Комитет мүшелері, белгіленген тәртіпте:
  - 17.1. лауазымды тұлғалардан және Биржа қызметкерлерінен Биржаға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды), егер аталған ақпарат Комитет мүшесі қызметін жүзеге асыруға қажет болған жағдайда, сұратуға және алуға;
  - 17.2. осы Қағидада анықталғандай, Комитет бақылауындағы мәселелер бойынша кез келген тексерістерді бастауға және өткізуге;
  - 17.3. Комитет отырыстарының хаттамалары және шешімдерімен танысуға;
  - 17.4. Комитет отырысы хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданған шешімдер жөнінде өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
  - 17.5. комитет отырысын шақыртуды талап етуге;
  - 17.6. комитет отырысының күн тәртібіне сұрақтарды енгізуге;
  - 17.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржа Жарғысында, Биржаның басқа ішкі құжаттарында қарастырылған, өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### **VII. Комитет жұмысының тәртібі**

18. Комитет отырыстары, Комитет төрағасы бекіткен Комитет жұмысының жоспарына сәйкес, кемінде тоқсанда бір рет, ал кезектен тыс отырыстары – қажеттілікке қарай өткізіледі.
19. Комитет қарастырылатын мәселелердің маңыздылығына қарай, отырысты өткізудің формасын таңдайды.
20. Комитет шешімдері көзбе-көз, сырттай және аралас дауыс беру формасы арқылы қабылданады. Отырыс өткізу формасын Комитет төрағасы таңдайды.
21. Көзбе-көз дауыс беруде Комитет Төрағасы және оның мүшелері Комитет отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша, тек Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуымен дауыс беру туралы шешім қабылдай алады. Бұндай жағдайда, Комитет

- отырысына сырттай байқаушылар ретінде шақыртылған, Комитет отырысында тек мәселелерді талқылауға қатысатын, сарапшылар және өзге тұлғалар, Комитет төрағасының шешімі бойынша дауыс бергенде мәжіліс залынан шығып кетеді.
22. Комитет отырысын сырттай өткізгенде Комитет Хатшысы жуырдағы Комитет отырысының материалдарымен бірге Комитет мүшелеріне дауыс беру бюллетеньдерін жібереді, бұл ретте Комитеттің сырттай отырысы өткізілетіні туралы хабарлама-хатында Комитет Төрағасы Комитет мүшесінен қол қайылған дауыс беру бюллетеньдерін жолдаудың және жазбаша пікірінің (болған жағдайда) ең ақырғы мерзімі көрсетіледі. Қол қойылған бюллетеньдерді түгел алғаннан кейін Комитет Хатшысы комитеттің жазбаша шешімін құрастырып, Комитет төрағасына қол қойдырады, бұнда сырттай дауыс беру бюллетеньдері Комитет шешімінің ажырамас бөлігі болып табылады.
  23. Осы тырсты аралалас формада өткізгенде, осы отырысты бастамалаған тұлғаның белгілеген жерінде өткізіледі, бұнда, осы отырысқа қатыса алмаған Комитет мүшелері күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша сырттай дауыс беру бюллетеніне қол қойып, Комитет Хатшысына жолдауға құқылы. Айтылмыш бюллетень Комитет Хатшысына немесе Комитет төрағасына аралас формадағы отырыс өткізілетін күннен кемінде бір күнтізбелік күн бұрын түсіп, отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелеріне Комитет Төрағасы немесе Комитет Хатшысы оқып береді. Отырысқа қатыспаған Комитет мүшесінің бюллетені де Комитет отырысы хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.
  24. Ерекше жағдайларда, қарастырылатын мәселелердің жеделділігі мен маңыздылығына қарай, кворум болғанда, бейне мәжіліс (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс ("телефондық мәжіліс" режимінде Комитет мүшелерінің бір уақытта сөйлесуі) және басқа байланыс құралдарын пайдаланы отырып, Комитет мүшесінің Комитеттің көзбе-көз отырысына қатысуына жол беріледі. Мұндай жағдайда Комитет мүшесі Комитеттің көзбе-көз отырысына қатысты деп есептеледі. Бұнда Комитет отырысы хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.
  25. Комитет Хатшысы Биржалық кеңестің корпоративтік хатшысы болып табылады.
  26. Комитет Хатшысы Комитет жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарады.
  27. Комитет Хатшысы:
    - 27.1. Комитет отырыстарын дайындау және өткізу, отырыстарға қажетті материалдарды жинау және жүйелендіруді;
    - 27.2. Комитет мүшелеріне және Комитет отырысына шақыртылған тұлғаларға уақытылы ескертпе-хаттарын, отырыс күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жолдауды;
    - 27.3. отырысты хаттамалауды;
    - 27.4. Комитет шешімінің жобасын дайындауды;
    - 27.5. қажеттілігіне қарай Комитет отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелерін береді, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды сақтау және Комитет мүшелерінің қажетті ақпараттар алуын қамтамасыз етеді.
  28. Комитет отырысының күн тәртібін Комитет хатшысы дайындап, Комитет мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға отырыс жоспарланған күннен кемінде бес жұмыс күн бұрын.
  29. Комитет отырысы кворум жиналғанда – Комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда ғана заңды деп саналады.
  30. Комитет отырысы оның Төрағасының бастамасымен немесе оның:
    - 30.1. кез келген Комитет мүшесінің;
    - 30.2. Биржалық кеңестің;
    - 30.3. Басқарманың талабымен шақыртылуы мүмкін.
  31. Комитет Төрағасы отырыс шақыртудан бас тартқан жағдайда отырыс бастамашысы аталмыш талаппен Биржалық кеңеске шағымдануға құқылы, ал Биржалық кеңес Комитет отырысын шақыртуға міндетті.
  32. Комитет отырысы, осындай талап қойған тұлғаны міндетті түрде шақыртумен өткізіледі.

33. Комитет шешімі, осы Комитет отырысына қатысқан Комитет мүшелерінің қарапайы дауыс көпшілігімен қабылданады.
34. Комитет мүшелері Комитеттің көзбе-көз отырыстарына қатысуға міндетті. Қажетті болса, Комитет отырыстарына Комитет Төрағасының шақыртуымен мынадай тұлғалар қатыса алады:
  - 34.1. Биржа Басқармасының мүшелері және басқа да қызметкерлері;
  - 34.2. күн тәртібінің сұрақтары бойынша ақпараттар алу үшін, белгіленген тәртіпте тартылған кеңесшілер (сарапшылар).
35. Комитеттің әр отырысының нәтижесі бойынша, отырыс өткізілгеннен кейін үш жұмыс күн аралығында, хаттама толтырылады.
36. Комитеттің әр мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде ұсынуға құқылы, ол Комитет шешімімен бірге беріледі. Белгілі бір сұрақтар бойынша Комитет мүшелерінің кейбіруінің мүдделігіне орай шешім қабылданбауы мүмкін, осындай деректер Комитет отырысының хаттамасына енгізіледі.
37. Хаттамаға/шешімге Комитет Төрағасы, немесе ол болмаған кезде орнын басушы тұлға, Комитет мүшелері және Комитет хатшысы қол қояды.
38. Хаттаманың/шешімнің көшірмесін хатшы Комитет мүшелерінің барлығына жолдайды.
39. Комитет отырысының хаттамасында:
  - 39.1. отырысты өткізудің күні, орны, формасы және уақыты;
  - 39.2. Комитет отырысының күн тәртібін қарастыруға қатысқан Комитет мүшелерінің тізімі, сондай-ақ Комитет отырысына қатысқан басқа тұлғалардың тізімі;
  - 39.3. күн тәртібі;
  - 39.4. Комитет мүшелерінің күн тәртібі бойынша ұсыныстары;
  - 39.5. дауыс беруге ұсынылған сұрақтар, және дауыс беру қорытындылады;
  - 39.6. қабылданған шешімдер мен нұсқаулар.

#### **VIII. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі**

40. Комитет мүшесі өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан келтірілген залал және жалған немесе жалған ақпаратты ұсыну нәтижесінде келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржа және акционерлердің жалпы отырысында жауап береді.

#### **IX. Комитеттің есеп беруі**

41. Комитет Биржалық кеңеске есеп береді.
42. Комитет:
  - 42.1. үнемі, кемінде жылына бір рет, Биржалық кеңес алдында өз қызметі туралы есеп береді;
  - 42.2. қажетті жағдайда, Биржалық кеңестің есеп берушілігіне қосу үшін Комитет жұмысының нәтижелері туралы ақпараттарды дайындап, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында есеп беруде ашады.
43. Биржалық кеңес Комитеттен Комитеттің ағымдағы қызметі туралы есепті ұсынуды кез келген уақытта талап етуге құқылы. Мұндай есепті әзірлеу және ұсыну мерзімі Биржалық кеңестің шешімімен анықталады.
44. Комитет қызметі туралы ақпарат Жылдық есептің белгілі бір тарауына енгізілуге жатады.

**X. Комитет қызметін қамтамасыз ету**

45. Комитет қызметін қамтамасыз ету үшін арнайы білімі бар және осындай қызмет аясында жұмыс тәжірибесі бар мамандар тартылады.
46. Мамандардың сыйақысы, оның көлемі және төлеу тәртібі Биржаның ішкі құжаттарыда белгіленеді.

**XI. Құпиялылық**

47. Өз қызметтерін жүзеге асыру барысында Комитет мүшелері коммерциялық, қызметтік және өзге де Заңнамада белгіленген, заңмен және Биржаның ішкі құжаттарымен қорғалатын ақпараттарға қол жеткізе алады.
48. Комитет мүшелері осы ақпараттарлы жеке басының мүддесіне немесе, Заңнама мен Биржаның ішкі ережелерін бұзушылыққа әкеп соғатын, немесе Биржа мүддесіне залалын тигізетін мақсаттарда пайдаланбауы тиіс.
49. Комитет мүшелері алатын мәліметтер мен ақпараттардың құпиялығын сақтау режимін қамтамасыз етуі тиіс.

**XII. Басқа ережелер**

50. Осы Қағида, сондай-ақ оған енгізілетін толықтыруларды және өзгертулерді Биржалық кеңес бекітеді.

Комитет Төрағасы

А.А.Алпамысов